

ӘОЖ 332.8

## **ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ ТИІМДІЛІГІН ЖОҒАРЛАТУ ТЕТІКТЕРІ**

**Егембердиева С.М.**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Қазіргі таңда қала шаруашылығының қызмет етуінің бекітілген механизмдері өзінің дамуының бастапқы сатысында, олардың элементтері анықталмаған, нәтижесінде, сол элементтердің арасындағы әрекеттестікті ғылыми бақылау тәжірибесі жеткіліксіз. Көп жағдайда тұрғындар тарапынан тарифтер бойынша, тұрғын үйлердің модернизациясы, қала инфрақұрылымына енгізілетін инновациялық, соның ішінде, ақпараттық технологияларды қабылдамау немесе түсінбеу байқалуда. Әлі де өзекті мәселелер қатарында

тұрғындардың барлық инфрақұрылымды қамтамасыз ету бойынша шығындарды төлеудегі мүмкінсіздігі болып табылады. Бұл жағдайда тұрғын үй және коммуналдық шаруашылықтың өміршендігін және тұрақты жаңаруын қаржыландыруда басқа да көздерді іздеу өзекті болып табылады. Тәжірибеде мұндай шығындар толығымен мемлекеттік араласу арқылы жабылады. Қаржыландырудың уақытылы және толық көлемде мақсатты игерілу де мәселелі болып келеді, көп жағдайда бұл ақша бөлуші және қаражатты жұмсалуды бақылау функцияларының мемлекет қолында болуы салдарынан. Аталған жағдайды ескере отырып, қала шаруашылығы қызмет етуін жақсартатын жаңа шешімдер ұсыну өзекті болып табылады.

Салаға нарықтық механизмдердің енгізілуі оның шығынсыздығын қамтамасыз ету ісінде және нақты инфрақұрылымның модернизациясында тиімді. Монополиялық көріністер біртіндеп бәсекелестік пен әртараптандырылған меншік нысанындағы субъектілермен, мемлекеттік-жеке әріптестіктің енгізілуімен ауыстырылуы тиіс [1].


Қазіргі таңда қала шаруашылығын модернизациялау бойынша барлық жұмыстар мемлекет тарапынан басталады және қаржыландырылады. Саланың әлеуметтік маңыздылығы мен тозу көрсеткіштерінің жоғарылығы оның инвестициялық тартымдылығын төмендетеді. Тұрғын үй – коммуналдық инфрақұрылымға жеке капиталды тарту заңнамалық және экономикалық тұрғыда бірнеше қиыншылықтарға ие. Біріншіден, аталған әлеуметтік маңыздылық – салынған инвестицияларды қайтаруда тарифтерді қайта есептеу мүмкінсіздігі тосқауыл болып табылады. Тұтынушылардың төлем қабілеттілігі ағымдық модернизациялау бағдарламаларын іске асыруға мүмкіндік бермейді, сондықтан мемлекеттік бағдарламалардан тыс жеке бастамалар салада көп кездеспейді. Коммерциялық құрылыс жұмыстары немесе тас жолдарды салумен байланысты қызметтермен салыстырғанда, коммуналдық саланың рентабельділігі өте төмен деңгейде. Қалыптасқан жағдайда жаңа қаржыландыру механизмдерді іздестіру өзекті болып келеді. Мұндай механизмдердің бірі – мемлекеттік-жеке әріптестік. Экономикалық мағынасы мемлекет әлеуметтік бағдары бар жобаларға жеке әріптес капиталын тарту арқылы сапалық, уақыттық және қаржылық тиімділікке қол жеткізуде.

Салалар бойынша жобалардың құрылымында қала шаруашылығы үшін маңызды коммуналдық және тұрғын үй құрылысы жобалар саны миималды деуге болады. Бұл коммуналдық шаруашылықтың орташа рентабельділігінің төмендігі мен екі саланың да ірі капитал салымдарын талап етуімен байланысты.

Мемлекеттік-жеке әріптестіктің жалпы қаржылық құрылымына келетін болсақ, коммуналдық және тұрғын үй құрылысы салалары ең кіші топтарға жатады. Құрастырылған 1 суретте, диаграмма түрінде 2015-2018 жылдары аралығында қабылданған барлық жобалардың бөлінген қаржы бойынша құрылымы көрсетілген.

Диаграммаға сәйкес, 2015-2018 жылдары жалпы саны 479 жоба, сәйкесінше, 2015 жылы - 3, 2016 - 15, 2017 - 166 және 2018 жылы - 295 жоба бойынша бөлінген қаржы көлемі көрсетілген. Осыған қоса 2019 жылы - 235 әріптестік жоба қабылданған [2,3]. Көрсетілген құрылымда коммуналдық шаруашылық пен

тұрғын үйлер бойынша бөлінген қаржы басқа салаларға қарағанда минималды болып келеді.



Сурет 1. 2015-2018 жж. МЖӘ жобаларына салынған инвестициялар көлемі, мың теңге


1 суретте МЖӘ-ні қолданудың басыңқы бағыттары айқын көрсетілген. Жүргізілген жобалар саны мен салынған инвестициялар көлемі бойынша білім беру жүйесі басыңқы орын алады. Қолдануды кең табатын салаларға денсаулық сақтау ісін және спортты жатқызуға болады. Статистикалық талдау қала шаруашылығын модернизациялауда механизмнің толық әлуеті пайдаланбайтының көрсетті. Объективті түрде қала шаруашылығында әріптестік жобаларды бастау мүмкіндіктері жеткілікті, саладағы модернизацияға сұраныс өте жоғары, бірақ оның инвестициялық тартымдылығы төмен болып келеді.

Қала шаруашылығында мемлекеттік-жеке әріптестік механизмін қолдануды тежейтін факторлар тобы анықталған [4]. Оларға 4 ірі топты құрайтын заңнамалық, қаржылық, экономикалық және ұйымдастырушылық факторлар кіреді (2 сурет).

Әр аталған топта МЖӘ-нің дамуына теріс әсер тигізетін бернеше факторлар тобы жатыр. Олардың әрқайсысы қала шаруашылығын модернизациялау ісінде мемлекетті-жеке әріптестікті қолдану тиімділігін төмендетеді немесе жоққа шығарады. Бұл мәселені шешуде экономикалық механизм кең қолданылатын шет ел мемлекеттері тәжірибесін қарастыру өзекті.

Мемлекеттік-жеке әріптестікті қолдануды ынталандыратын жаңа шешімдер қажет. Себебі әріптестік өзінің экономикалық мағынасында бюджеттік қаражатқа тәуелділігін және қызметтердің сапалылығын арттырудың тиімді жолы болып табылады. Материалдық және моральдік тұрғыда тозған желілерді жаңарту ауқымды инвестициялық салымдарды қажет етуі мен тарифтерді белсенді жоғарылату мүмкінсіздігі бұл саланың тиімсіздігін және экономикалық шығындарға ұшырайтындығын айқындайды. Аталған себептерден, басқарушы

және реттеуші кәсіпорындар мемлекеттік билік органдарымен бірігіп келесі мәселелерді шешу қажет: модернизацияға бағытталған инвестициялық жобаларды бастау үшін жаңа жеке капиталды іздестіру; қызмет көрсету нарығына жеке фирмалардың кіруін ынталандыру; нарықтық механизмдердің, соның ішінде, баға белгілеу бойынша механизмдердің қосылуын қамтамасыз ету. Бұл сұрақтардың шешілуі, жүріп жатқан белседі урбанизация үрдісімен қатар жүргізілетіні, мәселені қиындығын тереңдетеді, сонымен қатар, сапалы қызметтерге сұраныс әрдайым өседі.



Сурет 2. МЖӨ дамуын тежейтін факторлар

Мемлекеттік-жеке әріптестікті қолданылу деңгейін ұлғайту мақсатында ынталандыру шараларын: жеке әріптеске салық төлеу бойынша ауқымды жеңілдіктер беру немесе босату, екінші деңгей банктерінің несиеленуіне мемлекеттік кепілдеме беру, дифференциалды тарифтерді қолдану мүмкіндігін қарастыру саланың инвестициялық тартымдылығын жоғарылатады.

Тұрғындар тарапынан әрдайым өсетін сұранысты сапалы қанағаттандыру бойынша ұсыныстар мен кеңестер – экономикалық механизмдерді жақсартуға негізделуі тиіс. Инвестициялық капиталды тартудың жаңа жолдары іздестірілуі қажет, олар мемлекеттік және жеке (жеке инвестициялар және тұрғындардан жиналатын төлемдер) капиталдардың бірігуін және солидарлы жауапкершілігін талап етеді. Оны қамтамасыз етуде нормативті-құқықтық негіздің, тарифтік саясатты және қызметтерді жеткізу инфрақұрылымын трансформациялау бойынша ұсыныстар өзекті. Мәселені шешуде кадрлық сұрақтар, олардың құзіреттілігі мен санаттарының артуы, менеджмент жүйесін қайта құру маңызды болып келеді.

Қазіргі таңдағы технологиялық дамуды ескере отырып ақпараттық технологияларды пайдалануға ерекше көңіл бөлу қажет. Бұл міндетті ескеретін арнайы мемлекеттік бағдарлама «Цифрлық Қазақстан» жасалынған. Бағдарлама ұлттық экономиканың салаларын цифрлық кеңістікке көшіру арқылы олардың экономикалық тиімділігін арттырылуын көздейді. Қала шаруашылығына қатысты ақылды-қалаларды дамыту, интеллектуалды есептеу қондырғыларын тарату бойынша ұсыныстарды атауға болады. Мұндай іс-әрекет коммуналдық шаруашылықтың уақытылы жаңартылуын ынталандырады, ресурстарды пайдалану мен есептеу тиімділігін арттырады, нәтижесінде бәсекеге қабілеттілік артып, инвестициялық тартымдылық жоғарылайды.

Қала шаруашылығын модернизациялау тиімділігін немесе басқарылуын арттыратын жаңа шешімдердің енгізілуі келесі шарттардың орындалуында мүмкін:

1. Өзінің ішінде қарама-қайшылықтары жоқ, саланы құраушы элементтердің арасында кешенді байланысқан нормативті-құқықтық негіздеме жасалынуы тиіс. Бұл бір-біріне тәуелсіз қызмет ететін салаға қатысушы агенттер арасындағы қарым-қатынастарды реттейді, сапалылық пен бәсекелестікті қолдау қағидасы бойынша жұмыс істейді. Экономикалық қарым-қатынас жүргізуге түсінікті алғышартты құрайды;

2. Экономикалық қызметті асырушы бизнес-институттар мен кәсіпорындарға ынталандыру және жеңілдіктер беру арқылы басқару және реттеу бойынша жұмыстарды, модернизациялау мен реконструкция, сапалы қызметтермен қамтамасыз етілу ауқымын кеңейту, өзіндік құнды түсіру мен тиімділікті арттыру бойынша жұмыстарды тапсыру;

3. Саланы басқару мен реттеу механизмдерінің трансформациясы арқылы жергілікті басқаруды реформалау;

4. Қызметтерді пайдаланушы тұтынушыларға жаңадан ынталандыру үлгілерін ұсыну, өзін-өзі ұйымдастыру мен бақылаушы қоғамдық кеңестерді құру.

Қорытындылай келе, Қазақстанда қала шаруашылығы саласында жылдар бойы жинақталған көптеген мәселелер қалыптасқан. Олардың көбісі нақты экономикалық шешімді қажет етеді, бірақ модернизациялау үрдісінің төмен нәтижелілікпен жүргізілуі көбінесе заңнамалық және жергілікті атқарушы институттардың әлсіздігінен болады. Соңғы ұсыныстар қалыптасқан жағдайды түзетуге бағытталған.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Э.Р. Йескомб. Государственно-частное партнерство. Основные принципы финансирования. Под научной редакцией Р. Ф. Яббарова, Э.Ш. Джураева, Н.Л. Персод, С.Г. Самолиса. Альпина Паблишер 2019

2. Казахстанский центр государственно-частного партнерства – [Электронды ресурс] кіру: <https://kzppp.kz/news/gosudarstvenno-chastnoe-partnerstvo.-2018-goda-26>

3. Казахстанский центр государственно-частного партнерства - [Электронды ресурс] кiру: <http://kzppp.kz/wp-content/uploads/2018/04/заклуч.проекты-06.04.18.pdf>

4. Ж.Х. Мадиев. Основные тенденции развития государственно-частного партнерства в Казахстане. Нур-Султан: Государственно-частное партнерство, №1, 2019 стр. 7-11